

**« Астана Медицина Университеті » АҚ  
Эпидемиология және жұқпалы аурулар кафедрасы**

**СӨЖ**

Тақырыбы : « Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» Қазақстан Республикасының кодексі

Орындаған : Арстанова А.М.

Топ : 504-ҚДС

Тексерген : Ильясов Б.Б.

Астана, 2016 ж

# Жоспар :

- 1.Кіріспе
- 2.Негізгі бөлім : а) Кодекстің мазмұны.  
б)Жұқпалы, паразиттік аурулар таралуының және халықтың улануының алдын алу.  
в)АҚТҚ инфекциясын жұқтырған адамдарға, ЖҚТБ науқастарына медициналық-әлеуметтік көмек көрсету
- 3. Қорытынды
- 4.Пайдаланылған әдебиет

# Кіріспе

"Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы" Қазақстан Республикасы Кодексі 2009 жылы 18 қыркүйекте қабылданды.

Кодекс **жалпы** және **ерекше** бөлімдерден тұрады.

Кодекс 10 бөлім 29 тарау 179 баптан тұрады.

## **Ерекше бөлім**

5-бөлім. Халықтың санитариялық-эпидемиологиялық салауаттылығы саласындағы қызмет, қоғамдық денсаулықты сақтау

21-тарау. Халықтың санитариялық-эпидемиологиялық салауаттылығы саласындағы қызмет және қоғамдық денсаулықты сақтау

118-бап. Санитарлық-эпидемиологиялық қызмет жүйесі

119-бап. Мемлекеттік санитарлық-эпидемиологиялық нормалау

120-бап. Санитарлық-эпидемиологиялық талаптар

121-бап. Санитарлық-эпидемиологиялық мониторинг

**122-бап. Жұқпалы, паразиттік аурулар таралуының және халықтың улануының алдын алу**

123-бап. Қазақстан Республикасының аумақтарын санитарлық қорғау

124-бап. Жұқпалы аурулар эпидемиясы пайда болу қаупі төнген жағдайда шектеу іс-шараларын, оның ішінде карантин енгізудің шарттары

125-бап. Жұқпалы, паразиттік, кәсіби аурулар мен улану оқиғаларын тіркеу және тексеру

126-бап. Дезинфекциялық, дератизациялық және дезинсекциялық іс-шаралар

## **122-бап. Жұқпалы, паразиттік аурулар таралуының және халықтың улануының алдын алу**

- 1. Жұқпалы, паразиттік аурулар мен уланулардың пайда болуының және таралуының алдын алу мақсатында санитарлық-эпидемиологиялық нормалаудың мемлекеттік жүйесінің құжаттарында көзделген санитарлық-эпидемияға қарсы (профилактикалық) іс-шаралар, соның ішінде Қазақстан Республикасының аумағын санитарлық қорғауды, шектеу іс-шараларын, оның ішінде карантин енгізуді, өндірістік бақылау жасауды жүзеге асыру, жұқпалы және паразиттік аурулармен ауыратын науқастарға қатысты шараларды жүзеге асыру, азаматтарды медициналық қарауды, профилактикалық егулерді, гигиеналық тәрбие беру мен оқытуды жүргізу жөніндегі іс-шаралар жүргізіледі.

- 2. Санитарлық-эпидемияға қарсы (профилактикалық) іс-шаралар аумақтарды дамыту және өзге де өңірлік бағдарламаларға енгізілуге тиіс.
- 3. Жұқпалы, паразиттік аурулармен ауыратын науқастар мен жұқпалы, паразиттік аурулармен ауырады деп күдік туғызатын адамдар және бактерия таратушылар оқшауландырылуға және емделуге тиіс, олармен қарым-қатынаста болған адамдар медициналық қадағалауға алынады және қажет болған кезде оқшауландырылады және емделеді.
- 4. Айналасындағылар үшін қауіп төндіретін созылмалы жұқпалы, паразиттік аурулармен ауыратын науқастар мен созылмалы бактерия таратушылар Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес жұмыстан уақытша шеттетілуі тиіс.

## 124-бап. Жұқпалы аурулар эпидемиясы пайда болу қаупі төнген жағдайда шектеу іс-шараларын, оның ішінде карантин енгізудің шарттары

- 1. Жұқпалы және паразиттік аурулардың әкеліну және таралу қаупі болған жағдайда осы Кодекске сәйкес уәкілетті органдар Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасы арқылы өткізу пункттерінде және тиісті аумақтарда шектеу іс-шараларын, оның ішінде кәсіпкерліктің және (немесе) өзге шаруашылық қызметтің және халық тіршілігінің айрықша жағдайларымен **карантин** енгізеді.
- 2. Шектеу іс-шаралары, оның ішінде карантин енгізілген жағдайда орталық және жергілікті атқарушы органдардың, жеке және заңды тұлғалардың қызметін үйлестіру жөніндегі жедел басшылық жасау індетке қарсы республикалық және аумақтық төтенше комиссияларға жүктеледі.



- 3. Шектеу іс-шаралары, оның ішінде карантин жекелеген объектілерде тиісті аумақтың (көліктегі) бас мемлекеттік санитарлық дәрігерінің немесе оның орынбасарларының, сондай-ақ ведомстволық объектілерде халықтың санитарлық-эпидемиологиялық салауаттылығы саласындағы қызметті жүзеге асыратын мемлекеттік органдардың бөлімшелері басшыларының шешімімен енгізіледі (тоқтатылады).
- 4. Шектеу іс-шараларын, соның ішінде карантинді жүзеге асыру тәртібін және пайда болуы мен таралу қаупі болған кезде шектеу іс-шараларын, оның ішінде карантин енгізілетін жұқпалы аурулар тізбесін **Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілейді.**

## 125-бап. Жұқпалы, паразиттік, кәсіби аурулар мен улану оқиғаларын тіркеу және тексеру

- 1. Жұқпалы, паразиттік, кәсіби аурулар мен уланулардың барлық оқиғаларын, олардың анықталу орны бойынша денсаулық сақтау ұйымдары тіркеуге алуға, Қазақстан Республикасы мемлекеттік санитарлық-эпидемиологиялық қызметінің мемлекеттік органдары мен ұйымдары мемлекеттік есепке алу мен есептілік жүргізуге тиіс. Аталған аурулар мен улану оқиғаларының мемлекеттік есебін жүргізу тәртібін, сондай-ақ олар бойынша есеп беруді жүргізу тәртібін уәкілетті орган белгілейді.
- 2. Денсаулық сақтау саласындағы уәкілетті орган белгілеген тәртіппен санитарлық-эпидемиологиялық қызметтің мамандары жұқпалы, паразиттік, кәсіби аурулардың және адамдардың улану оқиғаларына тексеру жүргізуге тиіс.

## 126-бап. Дезинфекциялық, дератизациялық және дезинсекциялық іс-шаралар

- 1. Жұқпалы және паразиттік аурулардың пайда болуының, таралуының алдын алу мақсатында жеке кәсіпкерлер, жеке және заңды тұлғалар өз қаражаты есебінен эпидемиологиялық көрсеткіштер мен Қазақстан Республикасы мемлекеттік санитарлық-эпидемиологиялық қызметі лауазымды адамдарының ұйғарымдары, қаулылары бойынша өз қаражаты есебінен жұқпалы және паразиттік аурулардың қоздырғыштарын жоюға (дезинфекциялық), жәндіктерді, басқа буын аяқтыларды жоюға (дезинсекциялық) және кеміргіштерді жоюға (дератизациялық) бағытталған іс-шаралар жүргізуге міндетті.

□ 2. Төтенше эпидемия жағдайлары пайда болған кезде мемлекеттік санитарлық-эпидемиологиялық қызмет органдарының ұсынуы бойынша облыстық (республикалық маңызы бар қаланың, астананың) атқарушы органдарының шешімімен бюджет қаражаты есебінен **кезектен тыс міндетті дезинфекциялық, дератизациялық және дезинсекциялық іс- шаралар жүргізіледі.**

3. Ошақтық дезинфекцияны медициналық ұйымдар, сондай-ақ Қазақстан Республикасының санитарлық-эпидемиологиялық қызметі ұйымдары жүргізеді.

## 15-тарау. Туберкулезбен ауыратын адамдарға медициналық-әлеуметтік көмек көрсету

### □ 81-бап. Туберкулезбен ауыратын адамдарға медициналық көмек көрсету

- 1. Туберкулезбен ауыратын адамдар міндетті түрде медициналық бақылауға және емдеуге жатады, **тегін медициналық көмектің** кепілді көлемі шеңберінде қажетті дәрілік заттармен қамтамасыз етіледі.
- 2. Туберкулездің жұқпалы түрімен ауыратын адамдар міндетті түрде ауруханаға жатқызылып, емделуге және оңалтылуға тиіс.

## 87-бап. Туберкулездің жұқпалы түрімен ауыратын адамдарға әлеуметтік көмек

- Мәжбүрлеп емдеу аяқталғаннан кейін туберкулезге қарсы мамандандырылған емдеу-алдын алу ұйымынан шығарылған науқастарға жергілікті атқарушы органдар олардың еңбекке және тұрмыстық жағынан орналасуына көмек көрсетеді.
- **88-бап. Туберкулездің жұқпалы түрімен ауыратын азаматтардың емделуден бас тартқаны және инфекция таратқаны үшін жауаптылығы**
- Туберкулездің жұқпалы түрімен ауыратын және емделуден жалтарып жүрген азаматтар **Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес жауаптылықта болады.**

## 16-тарау. АҚТҚ инфекциясын жұқтырған адамдарға, ЖҚТБ науқастарына медициналық-әлеуметтік көмек көрсету

### □89-бап. АҚТҚ инфекциясының және ЖҚТБ-ның алдын алу мен емдеу мәселелеріндегі мемлекет кепілдіктері

#### □ Мемлекет:

- 1) тегін негізде жасырын тексерудің, ерікті, құпия медициналық куәландырудың қолжетімділігі мен сапасына, АҚТҚ жұқтырғандарды және ЖҚТБ-мен ауыратын науқастарды диспансерлеуді, психологиялық-әлеуметтік, заңгерлік және медициналық консультацияларға;
- 2) тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі шегінде
- медициналық және дәрі-дәрмектік көмек көрсетуге;
- 3) әлеуметтік және құқықтық қорғауға;
- 4) ауруының сипатына байланысты қандай да бір кемсітушілік нысандарына жол бермеуге;

## **90-бап. Адамның қорғаныш тапшылығы қоздырғышын жұқтырған адамдарды әлеуметтік қорғау**

- 1. Адамның қорғаныш тапшылығы қоздырғышын жұқтырған немесе ЖҚТБ-мен ауырған балалар мен жеткіншектердің мектепте және басқа оқу орындарында оқуы қамтамасыз етіледі.
- 2. Адамның қорғаныш тапшылығы қоздырғышын жұқтырған немесе ЖҚТБ-мен ауыратын адамдарды жұмыстан босатуға, жұмысқа қабылдаудан бас тартуға, мектеп жасына дейінгі балалар мекемелеріне және оқу орындарына қабылдаудан бас тартуға, сондай-ақ олардың өзге де құқықтары мен заңды мүдделеріне нұқсан келтіруге, сол сияқты олардың туысқандары мен жақындарының тұрғын үй және өзге де құқықтарына қысым жасауға жол берілмейді.
- 3. Медициналық қызметкерлер мен тұрмыстық қызмет көрсету саласы қызметкерлерінің өз міндеттерін тиісінше орындамағаны салдарынан АҚТҚ жұқтырып алған немесе ЖҚТБ-мен ауыратын адамдар өздерінің өмірі мен денсаулығына келтірілген зиянды өтетуге құқылы.



## 91-бап. АҚТҚ жұқтырған адамдар профилактикасы

- АҚТҚ жұқтырған адамдар профилактикасы жөніндегі іс-шаралар:
- 1) халықтың әртүрлі топтарына арналған нысаналы профилактикалық және білім беру бағдарламаларын әзірлеу және іске асыру;
- 2) халықты бұқаралық ақпарат құралдары арқылы АҚТҚ инфекциясы бойынша эпидемиялық ахуал және оның алдын алу шаралары туралы хабардар ету;
- 3) халықтың әр түрлі топтары үшін ақпараттық материалдар әзірлеу және тарату;
- 4) АҚТҚ инфекциясының жыныстық қатынас пен қан арқылы жұғуынан қорғау жөніндегі бағдарламаларды іске асыру;
- 5) сенім, жасырын тестілеу, психологиялық, заңдық және медициналық консультациялар беру пункттерін ашу;
- 6) халыққа тері қабаттары бүтіндігінің бұзылуына байланысты қызметтер көрсету кезінде қауіпсіздікті қамтамасыз ету жолымен жүзеге асырылады.

# Қорытынды

- Осы Кодекс азаматтардың денсаулық сақтауға конституциялық құқығын іске асыру мақсатында денсаулық сақтау саласындағы қоғамдық қатынастарды реттейді. Осы Кодексте реттелетін қатынастардың қатысушылары жеке және заңды тұлғалар, мемлекет, сондай-ақ әкімшілік-аумақтық бірліктер болып табылады.

# Пайдаланылған әдебиет

- Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы Қазақстан Республикасының кодексі
- <http://adilet.zan.kz/>